



www.mmg.kz Мұнайлы АДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№06 (152), шілде, 2022 жыл

АҚТАУДА «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ АШЫЛДЫ



Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдігі өз жұмысын бастады. Салтанатты шараға ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев қатысты. Өкілдіктің офисі ұлттық компанияның еншілес кәсіпорны – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ғимаратында орналасқан.

Маңғыстау облысының орталығындағы қызметтік офис батыс өңірінде жұмыс істейтін компанияларға түрлі бағытта қызмет көрсетуді көздейді. Олардың қатарында орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті билікпен, «ҚазМұнайГаз» компаниясының еншілес және мердігерлерлік ұйымдарының кәсіподақтарымен бірлесе әрекет ету, өндірістік бағдарламалардың, жоспарланған жұмыстардың орындалу барысы мен кен орындарын игеру ісін бақылау бар. Сонымен қатар атаулы өкілдік тұрғындарды жұмыспен қамту бойынша

шараларды, еншілес ұйымдардағы еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі мен кадр мәселелерін үйлестіреді. Жеке және заңды тұлғалар еншілес ұйымдардың қызметіне қатысты өтініштерін, ұсыныс-тілектерін де осы өкілдікке тапсыра алады.

Өкілдіктің ашылуында сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев жаңа орталықтың алдында маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Біз Маңғыстау облысында өңір тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бағытында бірқатар бастаманы

іске асырып жатырмыз. Мұнай мен газ қорларын ұлғайту және өндіру бойынша инвестициялық жобалар қолға алынды. Демек, Ақтауда ашылған өкілдікке жүктелген міндет зор. Оған қоса, компанияның топ-менеджменті мен мамандарының дәл осы жерде жұмыс істеуі өндірістік және әлеуметтік мәселелерді жедел әрі барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті М.Мырзағалиев.

Ақтау өкілдігін ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев басқаратын болады. Айта кетейік, бүгінде Маңғыстау облысында «ҚазМұнайГаз»-ға қарасты 18 кәсіпорында 32,5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Ал компанияның аймақта мұнай өндірудегі үлесі 43 пайызды құрайды.

Мағзұм Мырзағалиев «Өзенмұнайгаз», «Қазақ газ өңдеу зауыты», «Маңғыстаумұнайгаз» және «Қаражанбасмұнай» кәсіпорындарының өндірістік нысандарын да аралады. Еншілес кәсіпорындарының басшылары Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында «ҚазМұнайГаз» компаниясы атқаратын әлеуметтік жобалар мен шаралардың қазіргі барысы туралы баяндады. Бұл жоспар аясында ҚМГ-ның қатысуымен өңірде жалпы сомасы 425 млрд теңге болатын 22 жоба мен шара жүзеге аспақ. Олардың арасында кәсіпорындар тобы мен мердігер ұйымдарында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, инвестициялық жобаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру және әлеуметтік жобаларды қаржыландыру шаралары бар.



Қауіпсіздік ережесі

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ НАЗАРДА

Құрметті әріптестер, өкінішке орай 2022 жылғы 15 маусымда КЕЗБИ» ЖШС №26 ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы «Өзенмұнайгаз» АҚ 2-МГӨБ 49-ТҚ №9180 ұңғымаға ұңғыманың кенжарын жуу және жерасты жабдығын түсіру үшін сағалық жабдықты бөлшектеу кезінде өрт шығып, салдарынан «КЕЗБИ» ЖШС 40-ҰЖЖА көтергіш агрегатының машинисі қаза болып, 40-ҰЖЖА көтергіш қондырғысы толығымен жанып кетті. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес арнайы комиссия құрылып тексеріс жүргізілуде.

Ұйымның қауіпсіздік техникасы кез келген тәртіп бұзушылық оқиғасына төзбестікпен қарайды. Әрбір қызметкер ұйымда қолданылатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау стандарттарын, нормалары мен ережелерін сақтауы және қасындағы бірге жұмыс жасайтын қызметкерлерден мұны талап етуі тиіс.

Бригадаларда жұмыс басталар алдында, жұмыс жоспары талқыланып тәуекелді болдырмауға, алдын алуға жұмыстануға тиіспіз. Жұмыс жасау кезінде бригадаға тәжірибелі тұлғаны жауапты етіп, бейресми түрде тағайындауды практика жүзінде қолға алу керек.

Әрбір қызметкер егер ол қауіпті жағдайларда жұмыс орындап жатса, яғни өзінің және басқа да

жұмыскерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмыс орындаудан бас тартуға құқығы бар екенін қаперіңізге береміз.

Біздің мақсатымыз сіздермен бірігіп қауіпсіздік мәдениетін құру, бұл заман талабы, сондықтан өндірістің қауіпсіздік қағидалары мен қауіпсіздік техникасын сақтауды, орындауды естен шығармауымыз керек.

ӨНДІРІСТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫ:

- **Ешкім зардап шекпеуі керек!**
- **Жұмысқа кірісер алдында ойлан!**
- **Жұмысты қауіпсіз орында, немесе мүлдем орындама!**
- **Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!**
- **Күмәнің болса анықта (сұра)!**, - деп жазылған өндірістің қауіпсіздік қағидалары өздеріміз үшін жазылғанын, әр сөзді оқып жаттап алу үшін емес, әр сөзді дұрыс ұғынып орындау үшін жазылғанын және сізді үйде отбасы күтетінін естен шығармағаныңыз жөн.



Сөз соңында айтарым біздің компанияның ең басты құндылығы, ол біздің қызметкерлеріміз, жұмыс орнына келген әрбір қызметкерлер, үйлеріне, жанұяларына аман-сау оралу, сондықтан әрбір қызметкерді үйінде жанұясы, бала-шағасы мен тумаластары күтіп отырғанын және сақтансаң-сақтармын, - деген сөзді жұмыскерлеріміз естен шығармауы тиіс.

А.С. Мунгалов,
Техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры

Қоғам

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА

24 маусым күні Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде "Yessenov University білім беру интенсиві" курсы бітіргендерге сертификаттар салтанатты түрде табысталды.



компанияға қош келдіңіздер дегім келеді. Мен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның дамуы мен өркендеуі жолында жұмыла жұмыс істеп, биік шыңдарды бірге бағындыратынымызға сенемін.

Өз кезегінде тыңдаушылар ЖОО оқытушыларына жоғары кәсібилігі мен ісіне адалдығы үшін алғыс айтып, екі айдың жылдам өте шыққанын айтты. Түлектер өздерінің тәлімгерлеріне жақсылық тілей отырып, сондай-ақ компанияға жұмысқа орналасуға мүмкіндік бергені үшін "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшылығына ризашылығын жеткізді.

ЖОО-мен, оқытушылармен сондай-ақ тәлімгерлермен қоштасу кім-кімге де оңайға тимесі анық. Тыңдаушылар университетте бар болғаны екі ай оқығанына қарамастан, жаңа достар мен пікірлестер тапты. Аз ғана уақыттың ішінде білім көкжиегін кеңейткен тәлімгерлер әрбір үміткерге жақындай боп кеткені жасырын емес.



Енді түлектердің алдында жаңа және маңызды кезең бар, жарқын болашаққа бастар жолдамаларыңыз оңынан болсын!

Ескерте кетер жайт, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-на жұмысқа орналасуға үміткер 99 адам университетте қысқа мерзімді оқу курстарынан өткен болатын.

Салтанатты рәсімді аталған оқу орнының басшысы Берік Ахметов ашып, ол өз кезегінде "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-мен бірлесіп осындай маңызды жобаға қатысу үлкен мәртебе екенін атап өтті.

- Мен "Маңғыстаумұнайгаз" басшылығына осы жобаны қолдап, ұйымдастырғаны үшін зор ризашылығымды білдіремін, тыңдаушыларды оқытқан ұстаздар мен жаттықтырушылардың еңбегі зор, - деді Берік Ахметов. - Бүгінгі білім алушыларды курстың табысты аяқталуымен шын жүректен құттықтай отырып, университет берген сапалы білім болашақта Сіздерге көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Алда Сіздерді өмірдің жаңа кезеңі күтіп тұр, барлықтарыңызға сәттілік тілеймін!

- Ең алдымен, жоғары оқу орнының басшылығына, ұстаздар қауымына жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын, - деді "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас директордың орынбасарының м.а Нұрлан Илмұханбетов. - Түлектерге біздің



Еңбек адамы

ЖАНТӨРЕНІҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ЖҰРТТЫ БІЛЕР...

Қиналған жанға қол ұшын беріп, жабыққан көңілін жұбату, сауығып кетсем-ау деген үміт отын лаулатып, сенім үдесінен шығу – оңай шаруа емес. Сондай міндет биігінен көрінген Жантөрені жұрттың жақсы көруі осындан шығар. Ауыл арасында Жантөрені «балалар емшісі» деуі тегін емес, шырқырап жылаған сәбиді қолына ұстап ұшықтаса дауасы түсіп, демде жазылып кететіні бар. Одан бөлек, сылақшы болып еңбек жолын бастаған цехта Жантөре Қобдабаеваға қолқа салып, арнайы жұмыс орнына іздеп келетіндердің қатары көбейген.



Өндіріс өмірі небір оқиғаларға толы. Жаза баспауды, жаңылыспауды, қауіпсіздік қағидаларын қатаң сақтауды талап етеді. Әйтпегенде, жазатайым оқиғадан не бел омыртқаң, не мойын омыртқаң майып болатыны жасырын емес. Сондай сәтте басшылар бастап, атқосшылар қостап сылақшы Жантөреге іздеу салады. Жақсылық жасауды-жүректің ісі деп ұғатын Жантөре ондай кезде жабыққан жанның жасын сүртуге асығады.

– Сынықшы қасиет Сәнім әжемнен дарыған. Нағашыларым емші болған кісілер, - дейді Жантөре.

Менің қазымырланып сұраған сауалыма сылақшы апа әуелгіде ашылып ештеңе айтпады. Бабасынан дарыған ерекше қасиет-қабілетін айтуға келгенде сараңдық танытатын Жантөренің бүгінгі күнге дейін жеткен жетістігі, шыққан биігі аз емес. ҚР Емшілер қауымдастығына мүшелікке қабылдауға ұсыныс түссе де, телеарнаға, газет-журналға сан рет сұхбатқа шақырса да «жаным қаламайтын нәрсе» деп шорт кесті.

Бүгінде құрылымдар мен ғимараттарды ағымды жөндеуден өткізу цехының сылақшысы боп еңбек ететін кейіпкеріміз 1967 жылы Маңғыстау облысы, Жетібай ауылында туған. Әкесі Сайлау Қобдабаев ЖУТТ мекемесінде ұзақ жыл жүргізуші болды. Анасы Рысгүл Қобдабаева да өндіріске елеулі еңбек сіңірген жан. Жантөре Сайлауқызы аяулы ата-анасының тілек, ниетімен мұнай-газ өндірісіне ерте аяқ басқанын еске алды.

– 1985 жылы училищені аяқтап, небәрі 18 жасымда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ электорик болып жұмысқа орналастым. Жыл жарымдай жұмыс істедім. Қолымның биотоғы бар әуелден. Тоқ тартып жұмысымды жалғастыру мүмкін болмады да, күрделі құрылыс департаментіне сылақшы болып ауыстым. Бүгінде ұжымда



30 адам еңбек етеді. Бәрі де тонның ішкі бауындай ауызбіршілікпен ұжымның жұмысын алға жетелеп келеді, - дейді ол.

Жантөре Сайлауқызы есімі елге мәшһүр, әйгілі Мыңкісі әулиенің ұрпағы Тасқара Қаратайұлынан бата алған деседі. «Таңертең үкіметтің жұмысына, кешке балапандарыма асығам» дейтін жанның жылы әңгімелеріне ықылас қоймай тындау мүмкін емес. Өйткені, алғыс арқалап, абырой жиган апаның жұрт біле бермейтін қайырымды істері қаншама. Пандемия кезінде бас ауырып, балтыры сыздаған талай жанға шарапаты тиді, ауылдың белсенді азаматтарының басын қосып, ауруханаға дәрі-дәрмек жеткізді. Одан бөлек, тұрмысы төмен отбасылардың балаларына халықтан жинаған жылуға киім-кешек алып беруге атсалысты. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» деген тәмсілді жөн көретін Жантөренің жұртқа өткен жақсылығын ел әлі күнге дейін айтып жүр. Кездескен жанның жағдайын сұрап, қолынан келген көмегін аянып қалмайтын Жантөрені тұтас ауыл-аймақтың жақсы көруі заңдылық шығар. Қарап отырсаң,

үлкенге де, кішіге де жетпейтіні жұрттың ыстық ықыласы. Халықтың пейілі сізге қанат бітіретін болар деген сауалымызға:

– Алланың аманатына қиянат жасамай, абыройлы ғұмыр кешсек пе деймін. Сынақты беретін – Алла, шипаны да Алла береді. Менің қолымнан келетіні жаны қиналған жанға Құдайдан дұға тілеу, - дейді сабырлы қалпын бұзбастан.

Шырқыраған сәбилерді емдеп, дертіне шипа тауып, сауықтыруды ол өзінің міндеті деп санайды. Р а с ы н д а , Ж а н т ө р е Сайлауқызы өндірісте өнімді еңбегімен көзге түссе, ел ішінде емшілігімен танылғаны – дәлелдеуді қажет

етпейтін жайт. Мәселен, Жантөрені іздеп еліміздің түкпір-түкпірінен ағылған ағайынның санында есеп жоқ, - дейді көз көргендер.

Бүгінде Құдай қосқан жолдасымен екі ұл, бір қыз өсіріп ел қатарлы тірлік кешіп отырған жайы бар. «Келіндерімнің тік тұрып қызмет қылатыны қандай, жұмыстан шаршап келгенде немерелерімнің шат күлкісі шаңырағымды толтырып тұр. Несібемді өндірістен тауып, елдегі қызметімді қатар алып жүруіме отбасымның, басшыларымның маған жасаған үлкен қамқорлығы қолдау болды, - дейді кейіпкеріміз.

Ширек ғасырға жуық өндіріс пен өлкеде талмай-тынбай еңбек етіп, ұрпағын мен ұлтыңа қадіріңді асыру кез-келгеннің пешенесіне жазыла бермейтін бақ. Ендеше, жақсылыққа жаны құштар Жантөре Сайлауқызы секілді қайсар қыз-келіншектеріміздің қатары көп болса, соғұрлым ұлттың несібесі, ұрпақтың ұпайы түгел болмақ.

«АТҚАРАР ЖҰМЫСТЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢ»



Абай Сарбаев 1959 жылы 27 қыркүйекте Түрікменстанда туып, сол жерде оқып, өскен. Орта білім алған соң алдымен Түрікменстандағы Ашхабад техникумын, кейіннен Ақтау қаласында Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде мұнайшы мамандығын оқып шығады. Бүгінде отбасында үлгі тұтарлық ұрпақ өсіріп отырған жайы бар. Үлкен ұлы

Мұнай-газ саласы сан қатпарлы жұмысы бар өндіріс. Әсіресе, мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау аса маңызды міндеттердің бірі. Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз – осы мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау учаскесінің шебері Абай Сарбаев. Ол жұмыс істейтін цех бөлімшесі экологиялық қауіпсіздікті алға қоя отырып, зиянды заттарды залалсыздандыруға күш салады.

Қуаныш Мәскеу қаласының Губкин атындағы университетін бітіріп, бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының геологы болып қызмет істейді. Қызы Салтанат Софимед клиникасының білікті акушер-гинекологы. Ұл-қыздары аяқтанған, сол балалардан екі немере, екі жиен сүйіп отыр.

– Өндірісте 40 жылым өтті. Алғаш 1982-1990 жылдар аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ПМК-2 мекемесінде снабженец болып істедім. Мекеме тарағаннан кейін 2000 жылдан бастап «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының экология учаскесінде қарапайым жұмысшы болдым. Қазір мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау учаскесінің шеберімін, - дейді Абай аға.

Ол өндіріс саласында жақсы маман болып қалыптасу үшін қарым-қабілет, ынта-жігер қажет екенін айтады.

«Бұл салада жақсы маман болу үшін еңбекқор болу керек. Атап айтқанда, ең бірінші, әрине, білім! Еңбектену, талаптану,


кітап оқу, мамандықты жақсы көру, іздену қажет деген ойдамын. Әрине, бұл жұмыстың қиындығы да жетерлік, қызығы да мол. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы – өңіріміздегі көп жылдық тарихы бар іргелі кәсіпорын ғой. Білікті және ұйымшыл мамандардың күш-жігерінің арқасында аймақтың әл-ауқатын жақсартып келеді. Осындай ұжымда тек өзіңе ғана емес, қоғамға да пайда әкелетініңді түсіне отырып жұмыс істеу әрбір маманға зор жауапкершілік жүктейді деп білем. Бұл ретте жұмысшылардың қауіпсіздігі басты назарда. Сондықтан өз қауіпсіздігің, әріптестеріңнің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік – қауіпсіз жұмыстың кепілі. Қандай қиыншылық болса да ұжым болып бірлесе отырып жеңіп келеміз, - дейді Абай Сарбаев.

«Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы» дегендей, Абай ағаның өндірісте өнімді еңбегі үшін марапат алып, мерейі тасыған сәттері де аз емес. Абырой-ортақ деуден танбайтын жақсы ағаның жан жадыратар жақсы әңгімелеріне ықылас таныта түстік.

– «Еңбек ардагері» төс белгісінің иегерімін. Менің есімде ерекше қалғаны 2021 жылы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ «Үздік шебер» марапаты. Мен үшін өз ұжымымда алған марапаттың мәртебесі ерекше. Ұжымымда 50 адам еңбек етеді. Бәрі де ауызбіршілігі мығым, жауапкершілігі жоғары мамандар. Мен осы орайда жастардың жұмысқа деген жауапкершілігі және талпынысы болса өндіріс алға басады деп ойлаймын. Біздің учаскеде атқарар жұмыстың ауқымы кең. Мәселен, мұнайды өндіру, тасымалдау кезінде ластанған объектілерге тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Топыраққа төгілген мұнайды арнайы қондырғымен сорып аламыз. Кейіннен қазандықтарға төгіп, орталық насостар арқылы белгілі бір температурада қайнату процесі жүреді. Тазарған мұнайды коллектор арқылы мұнайды айдау және өткізу цехына жібереміз. Экологиялық қауіпсіздікті қатаң сақтаймыз. Бәріміз бір жұдырықтай болып, осы кенорынның тазалығына үлес қосып келеміз, - дейді Абай Іңірбайұлы.

«Еңбегі көптің өнбегі көп» деген қағиданы ұстанатын Абай аға өмірде өтірік айтуды, еріншектік пен жауапсыздықты ұнатпайтынын айтты. «Өміріңді адал және өзіңе лайықты етіп сүр. Ертеңгі күні қартайғанда өткеніңнен рахат алатындай бол» деген ұстанымы баршаға ой салары анық.

ЖАННАТ НҰРҒАЛИ



БАЛДӘУРЕН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Әр баланың ең сүйікті мезгілі жаз екені сөзсіз. Ал биылғы жаз маусымы Компания қызметкерлерінің балалары үшін тіптен ерекше болмақ. Себебі "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшылығы балаларымыздың көңілінен шығу үшін жағымды жаңалықтар әзірлеп қойды.

Әлемді жайлаған Коронавирус пандемиясы кесірінен орын алған екі жылдық үзілістен соң биыл еліміздің ең көрікті жерлерінде орналасқан жазғы сауықтыру орталықтары балаларды жазғы демалысқа қайтадан қабылдай бастады.

Жалпы 2022 жылы мұнайшының 1680 баласы жазғы сауықтыру демалысымен қамтылатын болады. Балалардың демалыс географиясы әралуан: бір топ бала жазғы демалысын Алатау бөктеріндегі "Айнаын" және "Арман дала" орталықтарында өткізсе, енді бірі қарт Каспий жағасындағы "Фламинго", "Ақбөбек" (Кендірлі) және "Rixos Water World Aktau" демалыс аймағында қызықты күндер кешетін болады.

Демалушылардың алдыңғы легі ұмытылмас әсерлерді серік етіп үйлеріне қайтып оралып та жетісті, демалыс кезеңі маусым айының басында басталған еді. Тағы бір лек бала дәл қазір Каспийдің толқынында ойнап, асқаралы Алатаудың көз жетпес шыңдарына тамсанып, сауықтыру орталықтарында демалып жүр. Демалыс маусымы тамыз айының соңына дейін жалғасады.

Биылғы демалыс маусымы балалардың көңілінде ерекше із қалдырары анық. Сізге ұсынылып отырған осы фоторепортаждағы риясыз күлкілер мен балбұл жайнаған жүздер оған дәлел! Балалықшақ-балдәурен!





ЖЕМІСКЕ ТОЛЫ 20 ЖЫЛ

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне биыл 20 жыл толып отыр. Жалпы мұнайлы өлкеміздегі көлік мекемелерінің бастауы тым әріде, тарихы жарты ғасырдан да асады. Маңғыстау жерінде 1961 жылы мұнай бұрқағы атқылап, өңір өндірісі алға басып, заманымыздың аса көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаевша айтқанда «Ұйқыдағы арудың оянуы» басталған шақта, көлік мекемелері де құрылып, қызу еңбек сол кездерден басталып кеткен.

Әрине ол жылдары шағын ғана көлік мекемелері болып ашылған ұйымдар, бертін келе ірі мекемелерге айналды. Сондай 4 мекеме, яғни Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы мен Бозашы технологиялық көлік басқармасы, Жетібай технологиялық көлік басқармасы мен Жолаушыларды тасымалдау көлік басқармасы 2002 жылы біріктіріліп, өңіріміздегі ең ірі көлік мекемесі «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС құрылды. Құрамында үш мыңға жуық қызметкер жұмыс істейтін мекеме мұнай өндірісін әр түрлі арнаулы және технологиялық көліктермен қамтамасыз етті. Мұнай саласында қызмет атқаратын ұйымдардың қызметкерлерін кен орындарға жеткізумен шұғылданатын «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС биыл 20 жылға аяқбасты.

Алғаш құрылған кезде Маңғышлақ технологиялық көлік басқармасының көпұлтты ұжымы осы жалпыхалықтық іске үлес қосты. Бұл басқарма кезең-кезеңмен қалыптасу дәуірінен өтті. Кәсіпорын түбегтегі ең алғашқы автокөлік кәсіпорындарының бірі болғанын атап өту керек.

Серіктестіктің әу баста алға қойған негізгі міндеттері – мұнайшыларды, бұрғылаушыларды және монтажшылар мен құрылысшыларды тасымалдауға деген сұраныстарын өз уақытында, сапалы әрі толық қанағаттандыру, жұмыстың экономикалық тиімділігін, бәсекелестік мүмкіндігін арттыру көзделді.

Автокөлікке қатысты мәселелерді оңтайлы шешу үнемі шығармашылық ізденісті, сапалы жұмысты және жоғары жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Осы орайда автокөлік жүргізушілері өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындап келді. «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС арқылы қазіргі таңда Қаламқас кенорнына бір жылда 3900-ге

жуық автокөлік қатынайды, 335 400 шамасында адам тасымалданады. Жетыбай кенорнына 9 535 жуық автокөлік қатынаса, 574 170 адам тасымалданады. Ұзақ жыл жасаған қызмет еленіп, 2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті қорғау саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификат табысталып, қауіпсіздік саласындағы аса үздік жетістіктері үшін сыйлығына ие болды. Аталған жетістіктер қызметті одан әрі өрлетуге серпін берді.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС тарихы – бұл өз жұмысының аса жауапкершілігін сезіне білетін басшылардың, жүргізушілердің, слесарь мамандарының үлкен ұжымның тарихы. Егер 20 жылдық «ОТК» ЖШС тарихына үңілсек, мекеменің өмірінде көптеген өзгерістер болғанын көреміз. Осындай айтулы өзгерістер мен маңызды оқиғаларға шолу жасайық:

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-де әлеуметтік бағыт саласында, әсіресе қызметкерлердің мүддесі үшін көп істер атқарылды: 2011 жылы жұмыс беруші «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС мен қызметкерлер өкілі тарапынан қызметкерлердің кәсіптік одағының төрағасы арасында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін Ұжымдық шарт негізінде жұмыс уақыты мен еңбек режимі, еңбекке ақы төлеу, қызметкерлерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны сақтау, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне, зейнеткерлерге әлеуметтік төлемдер, жәрдемақылар, кепілдіктер мен жеңілдіктер көзделген өтемақы қарастырылған құжат бекітілді.

Жеті жыл бойы – 2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-де, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ деңгейінде 2016-2018 жылдары көлік мамандықтары



арасында екі кезеңде «Үздік маман» кәсіби конкурстары өткізілді. 2016 жылы Қаламқас кенорнында «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ көлік кәсіпшілігі арасында «Үздік маман» кәсіби конкурсын ұйымдастыру және өткізуге жауапты кәсіпорын болды. Бұл дәстүрлі байқауды жоғары дәрежеде өткізгені үшін ұйым «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың мақтау хатына ие болды.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС 2011 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-нің еншілес-тәуелді мекемелер қатарына қосылған сәттен бастап серіктестікте басшылықтың бастамасымен «ОТК» ЖШС жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағының өкілімен және жастар ісі жөніндегі кеңес мүшелерімен бірлесіп, 2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды ұйымдастырып келеді.

Әр кәсіпорын өз қызметінде бір үзілмес арнада жиырма жылдық тарихты біріктіретін және талай жылдар бойы ұйымның дамуына тер төккен үлкендердің тәжірибесіне арқа сүйейді. Бүгінде біз кәсіпорынымыздың құрылу бастауында тұрғандардың есімдерін мақтанышпен айтамыз, олар өз мамандықтарына адал болғанын, сондай-ақ жұмыс тек күнделікті еңбек ғана емес бүкіл өмірінің айнасына айналды. Осы орайда Хайрулла Оспанов, Григорий Фаерфас, Абай Үмбеталин, Бекқожа Ахбелов, Кибадулла Сатмаганбетов, Серік Кеулімжаев және қазіргі

таңда бас директор Ербол Тұрғаниязовтың атқарып жатқан еңбегі ерен екенін ерекше атап өткен жөн.

Жуырда осынау айтулы мереке құрметіне салтанатты кеш өтті. Салтанатты – іс-шарада мекеменің дамуына және өркендеуіне қосқан қомақты үлесі үшін, жоғары кәсібилігі, қызметтік міндеттеріне деген адалдығы мен жауапкершілігі үшін автотөлемдік құралдарының техникалық жай-күйін бақылаушы Меңдібай Ерниязов, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер Қадірғали Сағатов, автокөлік жүргізушілері Бимырза Мисаев, Әбуғали Есенғұл, Тыныш Байзула, Батырхан Джалтармаев және ұлағатты ұрпақ санын көбейтуге үлес қосқан Табын Байдуллаев, сондай-ақ әкімшілік басқарма қызметкерлері арасынан бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіров, бас есепшінің орынбасары Сара Нұрболғановаға алғыс хаттар табысталды.

Алдағы уақытта да қызметкерлеріміздің біліктілігінің арқасында мекеменің өркендеуі, алға жылжуы арта бермек. Осы басқарманың ұйытқысы болған ұжым, қазіргі таңда заман талабына сай қызмет атқарып, берекелі істердің қатарын көбейте түсті. Ұйымның жеткен жетістігі, шыққан биігі ұжымның әрбір мүшесінің адал еңбегінің арқасында десек артық болмас. Өз ісінің мамандары көлік тізгінін ұстағанда мұнайшылар тасымалы – сенімді қолда екендігіне бек сеніңіз!



БІЛІКТІ БАСШЫ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ширек ғасыр ішінде елдегі ірі байланыс кәсіпорыны ретінде танылды. Осы уақытқа дейін серіктестік күрделі өзгерістер мен ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, республика аумағында, Маңғыстау өңірінде байланыс жүйесін заманға сай жоғары желілерге айналдырды.



Мекеме жұмысын жүйелеуде терең білім мен заманға сай озық инновациялық тәсілдерді ұштастыра білген басшы Ахмет Салмановтың ұжым алдындағы абыройы зор. Биылғы жылдың мамыр айында «Мұнайтелеком» ЖШС-нің бас директоры болып тағайындалған Ахмет Өтегенұлы осы салада жылдар бойы жиған тәжірибесін байланыс қызметін жетілдіре түсуге жұмсап келеді.

Ахмет Салманов 1962 жылы 1 қарашада Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір ауылында дүниеге келген. Мұнайлы өлкеде туып-өскен зерек жас «Қазақ политехникалық институтын» ойдағыдай бітіріп, 42 жыл еңбек етті. Мұнай-

газ саласында талмай тер төккен 17 жыл ішінде біраз тынымды істер атқарды. Ол еңбек баспалдағын 1980-1983 жылдары Маңғышлақ станциясының 693-Құрылыс-монтаж поезының 2-ші дәрежелі бетоншы мамандығынан бастады. Ізденімпаздығының, жұмысқа деген жауапкершілігінің арқасында жас маман 1983-1987 жылдары Маңғышлақ ст. Агропромтехникадағы колонна басшысы, ТҚ және ӨҚ инженері лауазымына дейін көтеріліп, 1987-1992 жылдар аралығында Маңғышлақ облыстық ауруханасының жөндеу шеберханасының бастығы, орталықтандырылған гараж бастығы қызметін атқарды. Кейіннен қалалық денсаулық сақтау бөлімінің гараж бастығы, «Маңғыстаумұнайжолдары» ЖШС, Ынтымақ кентінің колонна бастығы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасының атқарушы аппаратының Әлеуметтік даму бөлімінің бастығы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Көлік қызметінің бастығы, механикалық-көлік басқармасы колоннасының бастығы болып жұмыс істеді. Осы еңбегі еленіп «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бірінші басшысының Қазақстан мұнайын игерудің 100 жылдығына» орай Алғыс хатымен марапатталды. 2002-2009 жылдар аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесі төрағасының көмекшісі қызметін атқарды. Облыстың дамуына қосқан ерен еңбегі үшін Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс хаттарымен бірнеше рет марапатталды.

«Ақтау» СОСК және («Oil Real Estate» ЖШС) «Ардагер» СО директоры ретінде қызмет етті. Үлкен абыроймен атқарған еңбегі үшін 2011 жылы Ақтау қаласының әкімі Алғыс хатымен және «Нұр Отан» ХДП Төрағасының Бірінші орынбасарының Құрмет грамотасымен, «Маңғыстау мұнайын өндірудің 50 жылдығына» арналған мерейтойлық белгімен және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған медалімен марапатталды. Аймақ экономикасының дамуына үлес қосқаны үшін 2012 жылы Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасына ие болды. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен және сол жылы Маңғыстау облысының 40 жылдығына орай облыс әкімінің медалімен марапатталды. Ақтау қаласының 50 жылдығына орай қала әкімінің медаліне ие болып, қызмет көрсету саласында өңірдегі бизнестің дамуына үлес қосқан көшбасшылардың бірі ретінде абырой биігінен көрінді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 2016 жылы мерекелік медальмен және аймақ экономикасының дамуына үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ахмет Салманов 2018-2019 жылдары Маңғыстау облысы әкімінің кеңесшісі болып қызмет істеп, 2018 жылы «Мұнайлы ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Осыдан соң 2019-2021 жылдары «Oil Construction Company» ЖШС Бас директорының орынбасары қызметіне көтеріліп, 2020 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. 2021-2022 жылдары «Маңғыстау-

энергомұнай» ЖШС-нің өндірістік қатынастар жөніндегі сарапшысы лауазымына ауысып, Маңғыстау облыстық мәслихатының VI және VII шақырылымының депутаты болып сайланды.

Осы кезеңде бірнеше мамандықты жетік меңгерген білікті басшы Маңғыстау өңіріне белгілі азаматтардың бірі болып танылды. Жаңа ұжымның персоналымен, құрылымдық бөлімшелердің құрылымымен және Ақтау байланыс учаскесімен, Жетібай, Қаламқас, Өзен кенорындарының, өндірістік цехтардың, техникалық базалардың жасақталу жай-күйімен танысып, жаңа ұжымның кәсіби мамандарымен бірлесе жаңа істер бастамаларды қолға алды. Ұжым арасында Ахмет Өтегенұлының еңбегі ерекше байқалады. Серіктестікті қиыншылық кезеңдерден қиналмай өткізе білетін әрі қызметкерлерден нәтижелі жұмысты талап ете білетін, көргенді, білікті кадр екенін бүгінде жұртшылық жақсы біледі.

Сондай-ақ, ол аз уақыттың ішінде ұжымдастармен тығыз байланыс орнатты. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай, «Мұнайтелеком» ЖШС-нің бас кеңсесінде 150 бүлдіршінге арнап мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Осындай игі істердің басы-қасында Ахмет Салманов бастаған бүтін ұжым жүрді. Білікті басшы жетекшілік ететін мекеменің алар асуы әлі алда. Ахмет Салманов таяу болашақта озық өндірістік және экономикалық, жан-жақты шеберліктің, терең білімі мен біліктілігінің арқасында үлкен нәтижелерге жол бастарына сеніміміз мол.

«Мұнайтелеком» ЖШС

МОНТАЖШЫ БОЛУ - НАҒЫЗ ЕРДІҢ ІСІ

40 жылдан аса еңбек жолын құрылыс саласымен байланыстырған Берік Қарымсақұлы 2006 жылдан бері Қаламқас кенорнында 4-дәрежелі сыртқы құбыр монтажшысы болып жұмыс істейді.



Өндірістің өрге басуы үшін монтажшыға төзімділікпен қатар, ширақ қимылдау, техникалық ойлау, ептілік секілді қасиеттер қажет-ақ. Сондай-ақ, арнаулы аспаптар мен құралдарды қолдану тәсілдерін жетік меңгерген болуы қажет.

Ісіне тиянақты, жауапкершілігі зор маман Бейнеу, Боранқұл ауылдарында газ құбырларын тартуға атсалысты. Бұрын тәжірибемізде болмаған темір жол рельстерінің астынан құбыр тарту сияқты жауапты істерде де өзін тәжірибелі монтажшы ретінде көрсетті.

Алдын ала су төгу, газ дайындау қондырғысы, газтурбиналық электр стансасы, блоқты топтық сорғы стан-

сасы сияқты күрделі технологиялық қондырғылардың құрылысы кезінде дайындаушы зауыт сұлбаларын дұрыс оқып, ауытқуға жол бермеді. Берік Мұқанбетқалиев кенорнында жұмыс істеуге барлық жағдайдың жасалғанына дән риза. Үнемі керек-жабдықты түгендеп, жұмыста бөгеліс болмауын қатаң қадағалайды. Құбыр салу және құрамалы темірбетон коллекторлар, арналар, камералар және құдықтарды орнату ережелерін ментәсілдерін мұқият қарайды.

Бесаспап маман ретінде құрылысшылардың кәсіби машықтарын да игерген ол звено жетекшісі болып тағайындалды. Ол өзіне басшылық ететін Досым Қойсариев, Ерлан Серікбергенов, Асылбек Рахметовтерді білімді маман, білікті жетекші ретінде үлгі тұтып, үнемі ақыл-кеңестеріне құлақ түреді. Болатбек Орынбаев, Зиятдин Қосымов секілді әріптестерімен бір үйдің балаларындай араласып, өндірістік тапсырмаларды мұлткізсіз орындайды.

Көп жылғы ерен еңбегі еленіп, жақында «Еңбегім – еліме», «Маңғыстау мұнайына – 50 жыл» төсбелгілерімен марапатталды.

Бүгінде жұбайы Капиза Сапикызымен ажарлы, базарлы шақтарды бастан кешіп отырған жайы бар. Қыздары Гүлмира мен Перизат өмірден өз орындарын тауып, қоғамның әр саласында еселі еңбек етіп жүр.

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС

СЕРІКТЕСТІК ҰСТАНҒАН БАСЫМ БАҒЫТ

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС ұжымының жұмысшылары қазіргі таңда 2017 жылы қолданысқа енген «Қазақстан Республикасы қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі салаларындағы заңнамаларының, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері» талаптарына сәйкес өндірістік жұмыстарды мұлткізсіз ұйымдастырып келеді. Бүгінде мекемеде 400-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Серіктестік әкімшілігінің өндіріс алаңдарындағы жұмысты ұйымдастырудағы негізгі бағыты жабдықталған жұмыс орнына, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету көзделген.

Осы Серіктестіктің негізгі бағыттағы жұмыстарын қажетті деңгейде уақытылы ұйымдастырып, қадағалайтын - «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-нің техника қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтау мақсатында 2020 жылы «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы А.С.Айдарбаевтың жолдауына сай, «2020 жыл қауіпсіздік жылы» болып белгіленген болатын. Осыған орай, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-де еңбекті қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары жасақталып, еңбек қауіпсіздігі ұдайы басты назарда болды. Нәтижесінде, 2020 - 2021 жж «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС еңбек ұжымы жазатайым және төтенше оқиғалар тіркелмеген Серіктестіктер қатарынан көрінді.

Сондай-ақ, соңғы жылдары мекеме қызметкерлеріне жұмысқа арналған биіктіктегі қорғаныс белдігін және лаз құрылғысын қолданудың кезекті сынағынан өткізуге арналған механикалық сынақтау стендісі Қаламқас және Жетібай кенорындарында іске қосылып, аталған қорғаныс құралдарын өндіріске кедергі келтірмей,



жедел түрде сынақтан өткізу мүмкіндігіне қол жеткізді.

Компания басшылығының қолдауымен алдағы уақытта да жаңадан жұмысқа қосылған қызметкерлерге кіріспе нұсқаулық енді тек электрондық үлгіде өткізу жоспарлануда. Техника қауіпсіздігі және еңбек пен қоршаған ортаны қорғау бөлімінің мамандары жұмысты ойдағыдай жүргізіп келеді.

Компаниямызда жыл сайын 28 сәуір-бүкіл әлемдік еңбекті қорғау күніне орай, өндірістік нысандардағы кәсіподақ бастамасымен әр учаскелерде, бөлімдерде қауіпсіз жұмыс жағдайын жасақтау, учаскок жұмысшыларын ынталандыру мақсатында «Ең үздік учаскок» кәсіби сайысы ұйымдастырылды. Аталған сайыста релелік қорғау, автоматтандыру және сынақтау қызметінің Қаламқас учаскесі «Ең үздік учаскок-2022» атағына лайық деп танылды. Сайыс жүлдегерлеріне кәсіподақ ұйымы атынан марапаттар табысталды.

Осындай қауіпсіздік жағдайы сақталған, ынтымағы жарасқан еңбек ұжымының ауыз толтырып айтар жаңалықтары өте көп. Қай қызметте де еңбек адамының қауіпсіздігін сақтау, ұжым мүшелерінің әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын көтеру – Серіктестік басшылығының ең кезек күттірмейтін жұмыстарының бірі.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімі

Спорт

ЗОЛОТОЙ ДУБЛЬ

Полным триумфом завершилось выступление команд ветеранов АО «Мангистаунауйгаз» на первом Международном турнире по мини-футболу «SIMBIRSK CUP», который проходил с 10 по 12 июня 2022 года в городе Ульяновск Российской Федерации. Обе наши команды (команда ветеранов 45+ и команда ветеранов 50+) выступили блестяще, оставив позади сильные коллективы из городов России и сборные Таджикистана и Азербайджана.



мунайгаза» проиграла футболистам «Камаза» из Набережных Челнов со счетом 4:0.

Тем не менее, нефтяники Казахстана сумели пробиться в плей-офф с третьего места в группе.

В четвертьфинале наша команда размялась в матче со сборной Казани, одержав крупную победу – 4:0. До финала оставалось сделать один шаг.

В 1/2 финала соперником ветеранов АО «Мангистаунауйгаз» стал «Волжский Биохим» из Нижнего Новгорода. Обе команды уже встречались между собой на групповой стадии, и тогда матч завершился вничью – 0:0. И полуфинальный поединок оказался очень напряженным, наши футболисты выиграли со счетом 1:0, единственный гол был забит за несколько минут до конца матча.

И вот золотой финал. Наш соперник в борьбе за главный трофей команда ...«Камаз» Набережные Челны. Да, да та самая команда, которой мы уступили на групповой стадии со счетом 4:0.

- Вы не поверите, но наши футболисты были рады, что соперником стал именно «Камаз», - говорит капитан команды АО «Мангистаунауйгаз» (50+) Жанболат Кебисов. - У парней горели глаза, естественно все жаждали реванша, не было необходимости в дополнительной мотивации. Тем более, мы

проанализировали тактические ошибки, допущенные в первом матче, и хорошо подготовились к финалу.

Решающий поединок стал украшением турнира. После первого тайма нефтяники «Мангистаунауйгаза» уступали со счетом 1:0. До конца игры оставались считанные минуты, и когда казалось поражение неизбежно, нашим футболистам удалось сравнять счет!

И вновь судьба золотых медалей решалась в серии пенальти и вновь удача была на стороне казахстанских футболистов. 2:1 по пенальти. Победа!!!

Обе наши команды вернулись из России с золотыми медалями. Ветераны-нефтяники Мангистау доказали, что могут достойно выступать не только на отечественных соревнованиях, но и на международных турнирах.

Мы от всей души поздравляем коллег с успешным выступлением и желаем новых побед и достижений!

P.S. Работники АО «Мангистаунауйгаз» выражают огромную благодарность Правлению Общества за постоянную поддержку, оказываемую нефтяникам, защищающим честь компании на различных международных и отечественных спортивных турнирах.



Стоит отметить, что ветераны АО «Мангистаунауйгаз» были приглашены на соревнования в Ульяновск, благодаря успешным выступлениям на Кубке Казахстана, который проводился в мае текущего года. Напомним тогда, обе наши команды завоевали призовые места.

На турнире «SIMBIRSK CUP» среди ветеранов в каждой возрастной категории выступали по десять команд, которые были разбиты на две группы. В плей-офф пробивались по четыре клуба из каждой группы, которые встречались между собой в перекрестных четвертьфиналах.

Команда ветеранов АО «Мангистаунауйгаз» (45+) на групповой стадии выступила просто блестяще, в четырех матчах, одержав три победы и лишь однажды сыграв вничью, при этом, не пропустив ни одного мяча в свои ворота.

В четвертьфинале наша команда встречалась со сборной Правительства Ульяновской области и разгромила со счетом 5:0!

- Несмотря на крупный счет, игра была достаточно напряженной, - рассказывает капитан команды ветеранов АО «Мангистаунауйгаз» (45+) Ислам Косбаев. - Долгое время счет был 1:0 в нашу пользу и незадолго до конца матча соперники заменили голкипера на полевого игрока, в надежде выровнять игру, но получилось наоборот и мы забивали свои голы практически в уже пустые ворота.

Далее в полуфинале нефтяники Казахстана в трудной борьбе одолели команду «Горизонталь» (Пермь) со счетом 2:1.

И вот, наконец, финал! В главном матче турнира нашим ветеранам противостоял футбольный клуб «Растафари» из Йошкар-Олы. Любопытно, что обе

команды уже встречались между собой на групповой стадии и тогда разошлись миром – 0:0.

Решающий поединок оказался очень упорным и тоже завершился нулевой ничьей. Судьбу золотых медалей решила серия пенальти, в которой удача оказалась на стороне казахстанских футболистов – 4:3. Есть победа!

Не менее драматичным оказался турнирный путь команды ветеранов АО «Мангистаунауйгаз» (50+).

В групповой стадии наши земляки в четырех матчах одержали две победы, сыграли вничью и потерпели поражение. Это было достаточно неприятное поражение, поскольку команда «Мангистау-



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000